

20 – 25 қыркүйек аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

Апталық жоспарға сәйкес 20-25 қыркүйек аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.

2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.

3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.

4. Жас мамандардың сабақтары әкімшілік тарапынан бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді. Тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатысу, өзара тәжірибе алмасу ұсынылды.

5. Мектепшілік бақылау жоспарының негізінде апта бойы элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курс сабақтарының оқытылуын қадағаланды.

6. «Ы.Алтынсарин және замануи білім» тақырыбында өткен облыстық «Дөңгелек үстелге» биология пәні мұғалімі Торсунова Б.Р. қатысып, сөз сөйледі, қатысушыларды мектептің оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктерімен таныстырды.

7. 23 қыркүйек күні қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтерін насихаттау, оскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терең меңгеріп, зерттеуге ынталандыру, жас өркеннің интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру, ұлы баба өнегесімен шәкірттерді адамгершілікке, ізгілікке баулу, тарихи-мәдени ескерткіштерді, жәдігерлерді насихаттау мақсатында облыстық «Ясауитану» байқауы өтті. Мектептен байқауға 2 оқушы қатысты. Нәтижесінде 11-сынып оқушысы Айдын Лашын I жүлделі орынға, 9-сынып оқушысы Төлеубаева Ажар III жүлделі орынға ие болады. Облыстық іріктеу сайысынан үздік шыққан Айдын Лашын Республикалық сайысқа қатысуға жолдама алды.

8. «Жалын» шығармашылық тобының жұмыс жоспары бойынша жас педагогтар Торсунова Б.Р., Сағатай А.А. 9-сыныптар арасында «Кім? Қайда? Қашан?» атты интеллектуалдық конкурсы өткізді. Конкурс жоғары деңгейді өтті.